



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№32 (784) Сәрсенбі 10 тамыз 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРІ ІССАПАРМЕН КЕЛДІ



ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Қызылорда қаласының №3 қалалық емханасына барды. Емхананы аралау барысында Бағдат Мусин дәрігерлермен әңгімелесіп, ақпараттық жүйелерде жұмыс істеуде қандай мәселелерге тап болатынын сұрап білді.

Медицина мекемесін аралау барысында министр маммография кабинетіне өтіп, маммографиялық аппараттың PACS жүйесіне қалай қосылғанымен таныс болды. Аталған жүйе пациенттің ауруының тарихын бірнеше дәрігердің бір жүйеден көруіне және уақытты барынша үнемдеуге көмек береді.

PACS жүйесі Қызылорда облысының 13 медициналық ұйымына енгізілген.

Министр сондай-ақ, облыстық денсаулық сақтау басқармасы медициналық ұйымдармен тығыз жұмыс істеп,

цифрландыру бағытында жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті.

Бұдан кейін Цифрлық даму министрі Қызылорда қаласының халыққа қызмет көрсететін цифрлық кеңсенің жұмысымен танысты.

Аталған цифрлық кеңседе 2022 жылдың 6 айында азаматтарға 22 129 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» өңір тұрғындарымен кездесіп олардың сұрақтарына жауап берді.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ЖАСТАР АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Тамыздың 12-сі - Халықаралық жастар күні. Осыған орай, Қызылорда қаласында бір апта бойы жастарды арасында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Жеті күнге созылатын ауқымды шаралар туралы қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Әліби Басаров мәлімдеді.

Жастар апталығының алғашқы күні – «Эко мәдениетті дамыту күні» деп аталды. Соған сәйкес, 6 тамыз күні сағат 10.00-де Қорқыт ата ескерткіші аумағында «ECO Marathon» сенбілік акциясы және қала көлемінде қызмет жасап жүрген тазалықшыларға құрмет көрсету шарасы өтеді. 7 тамыз «Таланттар» күнінде сағат 19.00-де «Arai City Mall» Сауда үйінде шығармашы жастардың «Qosyl Dance» заманауи би сайысы, 8 тамыз «Еңбек» күнінде жастар арасында «Тас қалаушылар» мен «Дәнекерлеушілер» байқауы ұйымдастырылады. Ал, 9 тамыз

«Балаларға қуаныш сыйлау» күнінде жастар акциясы, сондай-ақ, қала аумағындағы жөндеуді қажет ететін, балаларға арналған ойын алаңдарын қалыпта келтіру және көпшілік қайырымдылық шарасы өтпек. 10 тамыз «Ауыл жастары» күнінде қалаға қарасты кент және ауылдық округтердегі жастар арасында мәдени-спорттық шаралар өтсе, 11 тамыз «Спорт» күнінде қала көлемінде жастар арасында «AULA SPORT» спорттық шарасы болады.

Бұдан бөлек, 11 тамыз күні жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жөнінде мейлінше мол ақпарат

беру үшін қалалық мәдени және демалыс паркінде «Мүмкіндіктер керуені» өтеді. -Жастардың қызығушылығына сәйкес жастар апталығын 12 тамыз күні кешкілік орталық алаңда заманауи DJ-лердің қатысуымен би кешімен қорытындыламақпыз. Қала жастарын айтулы мерекемен құттықтай отырып, жастар күніне орай өтетін шаралар легіне белсене қатысуға шақырамын, - деді орталық директоры Әліби Төлепбергүлді.

Айта кетерлігі, «Qosyl» жастар орталығының ұйымдастыруымен «Арбат» бойында әр аптаның бейсенбі күні – «PING-PONG», жұма күні – «Караоке Battle», сенбі күні – «Кино TIME» жобалары тұрақты түрде өткізілуде. Осы және өзге де қала жастарына қатысты күнделікті ақпараттар мен жаңалықтар «qosylbo» телеграм-бот және «qosyl.mtc» инстаграм парақшасында жариялануда.

ӘРБІР МӘСЕЛЕГЕ ТАЛДАУ ЖАСАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Онда 15 тұрғынның мәселесі тыңдалды. Қабылдауға келген қала тұрғыны әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасыға берілетін азық-түліктің сапасына қатысты шағымын білдірді.



Бұл ретте облыс әкімі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаевқа тиісті сыннан қорытынды шығаруды тапсырды. Сондай-ақ, қала тұрғындары Бақытжамал Қаржауова «Бәйтерек» ықшам ауданында орналасқан жер учаскесіне инфрақұрылым және жол жүргізу туралы өтінішін білдірсе, Болат Қалмаханов Қара Бура әулие көшесіне аяқсу жүргізу, канализация тарту мәселелерін көтерді. Тұрғындар мәселесіне орай аймақ басшысы қала әкімі Асылбек Шәменовке тиісті жұмыстарды жүргізуді тапсырды.

Қазіргі таңда мердігер мекеме

тарапынан «Бәйтеректің» 2-ші кіреберіс жолын асфальттау, сондай-ақ, 1-ші кіреберіс жолына дайындық жұмыстарын жүргізуде. Ал, «Бәйтерек-1» тұрғын ауданы, 29 тұйық көшесі бойында ауызу құбыры, электр желісі тартылған.

Мұнан бөлек, жеке қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі әлеуметтік көмек беруді, жұмыспен қамту, денсаулық саласына қатысты, тұрғын үй алу сұрақтарын жеткізді.

Қала тұрғыны Абай Шайнұров облыста созылмалы бүйрек ауруымен ауыратын азаматтардың саны жылдан-жылға артуына байланысты науқастарға қажетті аппараттың алынуына ықпал

етуді және салада нефролог мамандардың жетіспеушілігін алға тартты.

Аймақ басшысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасарына мәселеге толық талдау жүргізіп, тиісті жұмысты үйлестіруді тапсырды.

Қабылдауға келген тағы бір тұрғынның мәселесі де гемодиализ арқылы емделумен байланысты болды. Облыс әкімі әрбір науқастың еміне қарай тиісті шараларды зерделеп, мәселені оңтайлы шешудің жолын қарастыруды жеткізді.

Айта кету керек, осы уақытқа дейін облыс әкімі 15 жеке қабылдау өткізіп, 130-ға жуық азаматтың мәселесі қаралды.

Баға кетті шарықтап...

Облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Мәселен, азық-түлік өнімдерінің бағасын негізсіз өсіруге жол бермеу үшін тұрақтандыру қорынан «айналым схемасы» арқылы келісім жасалуда. Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында 671 тонна өнім бар. Ал соңғы бір апта көлемінде әлеуметтік маңыздағы екі өнімнің бағасы төмендеген. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев хабарлады.

-Бүгінде әлеуметтік маңызы бар тауарлардың өсу индексі 100,2 пайызға құрап отыр. Соңғы бір аптада азық-түлік тауарларының ішінде үш өнімнің бағасы өсті. Атап айтсақ, нан бағасы – 0,6 пайызға, пияз бағасы – 3,7 пайызға, қант бағасы – 3,6 пайызға көтерілді. Осыған сәйкес, тұрақтандыру қорымен бірлесіп бірқатар шаралар қабылданды. Мәселен, «айналым схемасы» негізінде 20 келісім шарт жасалып, кәсіпкерлерге заем берілді. Осы арқылы кәсіпкерлер 9585 тонна өнімді қамтамасыз ететін болады. Сонымен қатар нан бағасын арзандату мақсатында «Азық-түлік корпорациясы» арқылы 14 316,5 тонна астық бөлінді. Бұл 7 айға дейін жеткілікті болады деп жоспарлануда. Ал «Көксу қант зауыты» мен «Азық-түлік келісім шарт» корпорациясы арқылы 1360 тонна қант облысқа жеткізілді. Ал жыл соңына дейін 3 155 тонна қант әкелінеді деп күтілуде, - деді басқарма басшысы Талғат Дүйсебаев.

-Бүгінде тұрақтандыру қорында 627,8 тонна өнім қоры бар. Атап айтсақ, ұн – 57,5 тонна, қарақұмық жармасы – 104,5

тонна, күріш – 20,9 тонна, қант – 82,5 тонна, өсімдік майы – 362,2 тонна. Жалпы барлық әлеуметтік дүкендерде 19 түрлі азық-түлік тауарлары белгіленген бағада сатылуда. Күн сайын әлеуметтік дүкендер мен сауда үйлеріндегі өнімдердің бағасына бақылау жүргізілуде. Бұған қоса апта сайын жәрменке ұйымдастырылып, азық-түлік өнімдері тиімді бағада сатылуда, - деді «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Самат Ерниязов.



Жыл басынан бері бағаны негізсіз көтерген 32 сауда нысанына қатысты арыз-шағым түскен. Жүргізілген тексеріс нәтижесінде 13 сауда орталығында заң бұзушылық анықталып, әкімшілік шара көрілді. Қазіргі таңда 14 сауда үйіне тексеріс жұмыстары аяқталды.

-Азық-түлік тауарларының бағасын негізсіз өсіруге жол бермеу мақсатында жоспардан тыс тексеріс жұмыстары жүргізілуде. Егер аталған дерек анықталған жағдайда тиісті шара қолданылатын болады. Тұрғындар көп жағдайда үй жанындағы дүкендер мен шағын маркеттердің қызметіне жүгінетінін ескере отырып, бірінші кезекте осы нысандар қатаң бақылауда болатынын айтқым келеді. Жалпы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы басты назарымызда болады, - деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Фердоуси Қожабергенов.

«Байқоңыр» ғарыш айлағынан ирандық «Хайям» жерсерігі ұшырылды

Байқоңыр» ғарыш айлағынан ирандық «Хайям» жерсерігі ұшырылды.

Жерді зоннтау қызметін атқаратын жерсеріктің әуеге көтерілу салтанатын тамашалауға ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, Халық Қатарманы, ғарышкер Айдын Айымбетов, Иран Республикасынан келген делегаттар мен «Жер

және ғарыш ғылымы» атты ұлттық жобаның жеңімпаздары атанған 10 оқушы қатысты.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауына министр Бағдат Мусин «Байқоңыр» кешеніндегі бірқатар нысандарды аралап, Байқоңыр қаласындағы қазақстандық азаматтармен кездеседі. Сондай-ақ, Қазақстанның өзге қалаларынан жерсерігінің ұшырылуын тамашалауға келген дарынды балалармен жүздесу жоспарланған.



